

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 45 (897) 21 қазан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ 20 қараша 2022 жыл

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР! ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Сайлауға қатысуға конституциялық құқықты іске асырудың кепілі Сіздің сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз болып табылады.

Тізімдерді дауыс беруге арналған нақты учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу негізінде жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) жасайды. Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар тізімдерге олардың орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берген өтінішінің негізінде енгізіледі.

Дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлау учаскесіне келе алмайтын әрбір азамат дауыс беру күніне бір ай қалғанда, яғни 2022 жылғы 20 қазанынан кешіктірмей тиісті әкімдікке өтініш беріп, олардың нақты орналасқан жері бойынша сайлау учаскесінде тіркелуге құқылы.

Өтініш түскен кезде әкімдік азаматты тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны дауыс беретін учаскенің тізіміне енгізуді ұйымдастырады. Осы құқықты:

- дауыс беру күні тіркелген жері бойынша болмайтынын білетін азаматтар;
- басқа қаладан келген, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын, жатақханалардан тыс тұратын студенттер;
- вахталық әдіспен жұмыс істейтін азаматтар пайдалана алады.

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне енгізіле алады. Сайлаушылар тізіміне тіркелген жеріңіз бойынша енгізілгеніңізді тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы тексеруге болады.

2022 жылдың 4 қарашасынан бастап Сізге өз учаскеңіздегі сайлаушылар тізіміндегі деректеріңізді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Сіздерді құқықтық сауаттылық танытып, өзіңіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

Өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажетті заңдық маңызы бар әрекеттерді уақтылы қабылдаңыз!
ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ

Республика күні - қазақстандықтардың аңсап күткен ұлттық мерекесі. 1990 жылы қазақ айының 25-сі күні Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол мезеттен бастап Қазақстан зайырлы, көзқарасы бөлек жеке мемлекет ретінде қалыптасты. Бұл егемендігіміздің іргетасы болды. Өзінің жеке тілі мен діні, жеке азаматтығы мен қаржысы, жеке территориясы бар тәуелсіз елге айналды.

Осы акт арқылы Қазақстан Республикасы жер шарына танылып, бой көтерді. 2001ж желтоқсанның 13-і қабылданған «ҚР-дағы мерекелер туралы» №267 заң бойынша бұл күн мемлекеттік мейрамдар қатарына қосылды. Республика күні - халықтық мереке. Қазақстан Республикасы өзге елдермен теңесіп, шекарасы орнап, өзіндік рәміздері бар, жеке дара мемлекет болып, әлем картасында территориясы бойынша 9-шы орын алып отыр. Бұрынғы ата - бабаларымыздың ізгі арманы да осы азаттың таңы еді. Сондықтан, бұл күні халықтың мерекелік көңіл- күйі орнап, түрлі ойын - сауық, концерттік бағдарламалар қойылып, ел қауымы шад - шадыман күйде жүреді. 2022 жылдың 29 қыркүйегінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне: «кинематография, мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Аталған заңға сәйкес 25 қазан - Республика күні, ұлттық мереке болып қабылданды. Республика күні 2001 жылдан бастап мейрамдар тізімінде болған. Бірақ 2009 жылы елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен алынып тасталынды. Енді биыл мауысым айында президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырысында ұлттық мереке мәртебесін беруді ұсынды. «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның 25-і күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», - деді Президент. Мемлекет басшысы Республика күні еллің мемлекет құру жолындағы тарихи аспект, тарихи қадамының символы болу қажет екенін айтты. «Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталады. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек», - деді Тоқаев.

Жаннұр БЕКТҮРҒАНОВА,
М. Қозыбаев атындағы СҚУ
Журналистика кафедрасы, 1 курс.

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР! ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!



25 қазан
РЕСПУБЛИКА
КҮНІ

Сіздерді еліміздің басты және бірегей ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

25 қазан күні халқымыз үшін маңызды және атаулы мерекенің бірі – Қазақстан Республикасының күнін атап өтеміз. 1990 жылы осы күні Қазақ КСР-дің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды, ол тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның саяси-құқықтық негіздерін салтанатты түрде жариялады.

Тәуелсіз мемлекеттің негізге алатын қағидаттары ретінде унитарлық мемлекет, біртұтастық, оның аумағының бөлінбестігі және дербестігі, қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да этностардың төл мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін қайта жаңғырту мен дамыту, өзіндік ұлттық белгілерін нығайту бекітілді.

Нақ осы күні тәуелсіздіктің берік іргетасы қаланды, ал қазір баршамыз теңқұқықты және бір-бірімізге деген сыйластық ахуал орнаған қоғам құрып жатырмыз.

Республика күні біздің тұрақты түрде дамып келе жатқан мемлекетіміздің мерекесі болып табылады, өйткені біз осы жылдар ішінде көптеген жетістіктерге қол жеткіздік және алдағы алар асуларымыз одан да биік болмақ.

Осы кезеңде біздің даңқты жерлестеріміз ғылым, өнер, спорт сияқты әртүрлі салаларда жеңістің биік тұғырларын бағындыра білді.

Қазақстанның көк байрағын елімізден тысқары жерлерде таниды және сыйлайды. Тәуелсіз еліміз бүгіндері тұрақты және гүлденген болашаққа нық қадаммен аяқ басуда.

Біз Қазақстанды әлемде танымал және күшті еткен табыстарымызды мақтан тұтамыз. Біз республикамызда орнаған бейбітшілік пен тұрақтылықтың арқасында басқа мемлекеттерге тату ел ретінде танылды.

Осыдан отыз жыл бұрынғыдай бүгіндері де баршамыз тәуелсіздік декларациясы мен тәуелсіздік идеясын бағдар етіп ұстанып, біздің Отанымыздың алдында тұрған барлық сынақты жеңіп шығуға дайын болуға тиіспіз.

Алдағы мереке қарсаңында барлық солтүстікқазақстандықтарға мықты денсаулық, бақыт пен амандық-саулық тілеймін!

Құмар АҚСАҚАЛОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ! Құрметті оқырмандар! Тайыншалықтар!

Сіздерді 25 қазан Республика күнімен құттықтаймыз! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз еңселі болсын! Баршаңызға зор денсаулық, шаңырақтарыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз. 25 қазан – Республика күні Сіздерді орталық «Достық» алаңына шақырамыз. Сағат 11-ден бастап ән тыңдап, би билеп көңіл көтеруіңізге мүмкіндік бар. Кешке 20.00-ден ән-жырдан шашу шашылып, дискотека басталады. 22.00 Мерекелік от-шашу!



ТУҒАН ӨЛКЕСІН ҚОРҒАУ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘРБІР АЗАМАТЫНЫҢ ПАРЫЗЫ



Тайынша ауданының аумағында Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561 - IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 31-бабы, ҚР Президентінің 04.03.2022 ж. № 827 «мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін запасқа шығару және Қазақстан Республикасы азаматтарын 2022 жылғы наурыз-маусым және қыркүйек-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығы негізінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке күзгі шақыру басталды.

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру азаматтарды әскери қызметке даярлауды ұйымдастыру мен жүргізудің, ҚР-да әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың әскери есебін жүргізудің көрсеткіші болып табылады.

Біз Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы подполковник Мұхамбетов Әділ Ермұқанұлын мерзімді әскери қызметке шақыруға қатысты сұрақтарға жауап беруін сұрадық.

Сұрақ: шақыру комиссиясы қалай өткізіледі, жастарды шақыру тәртібі қандай?

Жауап: ҚР Президентінің 04.03.2022 ж. № 827 «Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2022 жылғы наурыз-маусым және қыркүйек - желтоқсанда мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға құқығы жоқ 18 жастан 27 жасқа дейінгі азаматтар шақырылады. Әскерге шақырудың негізгі міндеті - әскерлерді физикалық сау және моральдық тұрғыдан дайындалған жастармен қамтамасыз ету. Ол үшін

аудандық әскерге шақыру және медициналық комиссия құрылды. Аталған комиссияның қабылданған шешімі негізінде әскерге шақырылушылар облыстық әскерге шақыру (медициналық) комиссиясына жіберіледі, онда мерзімді әскери қызметке шақыру не әскерге шақырудан кейінге қалдыру туралы түпкілікті шешімдер қабылданады немесе әскери қызметке жарамсыз деп танылады.

Сұрақ: шақыруды кейінге қалдыру немесе шақырудан босату тәртібі қандай?

Жауап: шақыру кезеңінде азаматтар әскери қызметке шақыруды барлық жұмыс кезеңіне немесе босатуға келесі негіздер бойынша құқылы:

- 1) отбасылық мән-жайлар бойынша;
- 2) білім беруді жалғастыру үшін;
- 3) денсаулық жағдайы бойынша;
- 4) басқа себептер бойынша, атап айтқанда:
 - педагогтерге барлық жұмыс кезеңіне;
 - ауылдық жерлердегі дәрігерлерге;
 - Парламент немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттарына олардың өкілеттік мерзіміне;
 - тергеудегі адамдарға;
 - азаматтық әуе кемелерінің ұшу экипаждарының мүшелеріне, инженерлерге, механиктерге, азаматтық авиация техникаларына;
 - кеме экипаждарының мүшелеріне;
 - құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында бастапқы кәсіптік даярлықтан өтетін адамдарға;

2022 жылы Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі ҚР ҰҚК Шекара қызметі бөлігінде 100-ден астам әскерге шақырылушыны, Десанттық-шабуылдау әскерлерін, Әуе қорғаныс күштерін, құрлық

әскерлерін, Төтенше жағдайлар министрлігінің бір бөлігін және ҚР Ұлттық ұланының бір бөлігін мерзімді әскери қызметке шақыруға жатады.

Қазіргі уақытта мерзімді әскери қызметке ҚР ҰҚК Шекара қызметі және Құрлық қызметі бөлігінде шамамен 19 адам шақырылды.

Тайынша ауданының балалары әскерде абыроймен қызмет етеді, командирлерден алғыс хаттар, құрмет грамоталарын алады, көбін жауынгерлік және саяси дайындықтағы жақсы көрсеткіштері үшін үйіне демалыспен марапаттайды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қазіргі қазақстандық армия Ұлы даланың батыл батырларының даңқы мен жауынгерлік дәстүрлерін мұра етіп қалдырды және бұл туралы әрқашан есте сақтау қажет. Президент тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы қызмет біздің жастарымыз үшін – бұл аға ұрпақтың ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне негізделген қазақстандық патриотизмнің қуатты, адамгершілік және идеологиялық мектебі.

Еліміздің Қарулы Күштеріне шұғыл әскери қызметке шақыруға бел буған қазақстандықтар майдангерлердің ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің, Ауғанстанда соғысқан сарбаздардың, офицерлердің жанқиярлығы, олардың ерлігі мен орасан зор патриоттық үлгіде тәрбиеленгеніне сенімдімін.

Шынында да, осылайша олар өздерінің болашақ игілігі мен отбасының іргетасын қалыптастырып қана қоймай, ортақ үйіміз - Егемен Қазақстанның қорғаныс қабілетін арттыруға өз үлестерін қосуда.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР, ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен құттықтаймыз! Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерліктері бүгінгі Тәуелсіз Еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні Сізге игілік пен бақыт, бақ - дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларың сәтті болсын!

Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай беруіне деген ыстық ықыласымды жеткіземін.

Еліміздің дәулеті, жеріміздің саулеті жолындағы игілікті істеріңіз табысты болсын! – Ең бастысы егемен еліміздің көк туы төмен түспей, айбынымыз асқақтай берсін. Өсіп келе жатқан ұрпақтарымыздың жүрегі ел деп соғып, тәуелсіздігіміздің тұғыры бекем-деле түссін. Ал, Отан қорғаушыларымыздың еңбегі әрдайым еленіп, әскери қызметтің мәртебесі арта берсін. Өйткені, әскері мықты ел – қуатты ел екені белгілі. Ал, қуатты елдің қашанда іргесін бүтін, халқы бақытты болатыны сөзсіз... Сіздерді еліміздің ең үлкен мерекесі Республика күнімен құттықтаймын! Қазақтың батыры Бауыржан Момышұлы кезінде «Отан үшін отқа түс-күймейсің» деген. Өйткені Отан- қасиетті ұғым. Отанымызға, туған халқымызға адал қызмет ету – біздің азаматтық борышымыз!

Ә.Е. МҰХАМБЕТОВ, Тайынша ауданы
Қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, подполковник.

19 қазан – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

**"АСТЫҚ-STEM" ЖШС
ӨРТ СӨНДІРУ БЕКЕТІ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың төтенше жағдайлар қызметін шындап күшейту, жеке құрамның кәсіби даярлық деңгейін арттыру қажеттігі туралы тапсырмасын орындау аясында, сондай-ақ кәсіби мереке — құтқарушылар күнінің қарсаңында Қарағаш ауылында өрт сөндіру бекеті ашылды.



Салтанатты рәсімге аудан әкімі Берік Әлжанов және Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы полковник Рамиль Камалов қатысты. Жаңа өрт сөндіру бекеті Чкалов ауылдарының бір бөлігін қамтып, елді мекендер мен далалық аумақтардағы өрттерге жедел ден қоюға, шығынды барынша азайтуға және жанудың бастапқы кезеңінде өрттерді жоюға мүмкіндік береді. 25 қазан – Республика күні қарсаңында өткен мерекелік іс-шараға ауыл тұрғындары да қатысты. Құрметті меймандар Б.Әлжанов пен Р. Камалов ауыл тұрғындары мен өрт

сөндіру қызметкерлеріне жылы лебіздерін білдіріп, маңызы зор 25 қазан республика күнімен құттықтады. Ауыл тұрғындары да өз ой-пікірлерін айтып, елге жасалынып жатқан қамқорлықтары үшін «АстықSTEM» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшысы мен жалпы ұжымына алғыстарын айтты. Біз, газет тілшілері де осы маңызды және өте қауіпті мамандықтың барлық өкілдерін кәсіби мерекелерімен, ал жиналған ауыл тұрғындарын алдағы Республика күні мекересімен құттықтап, мықты денсаулық, жұмыста сәттілік тілеп қайттық.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



Республика күні қарсаңында облыстық деңгейде өткен іс-шарада тайыншалық өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері жоғары марапатқа ие болды. Төтенше жағдайлардан құтқару жөніндегі іс-шаралардағы батылдығы және белсене араласқаны үшін облыс әкімінің Алғыс хатымен азаматтық қорғау кіші сержанты Марат Таңатқан марапатталды. Ал, Тайынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы азаматтық қорғаныс подполковнигі Руслан Айтбайұлы Абдикаримов осы мерекенің құрметіне ҚР Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен «Азаматтық қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Құттықтаймыз!

**РУХАНИ
КЕЛІСІМ КҮНІ**

Алла тағала Құран Кәрімде: “Дін турасында сендермен соғыспаған әрі сендерді өз Отандарыңнан қуып шығармаған адамдарға жақсылық жасауларыңа және оларға әділетті болуларыңа Алла тағала қарсы емес. Өйткені, Алла тағала әділеттілік жасағандарды жақсы көреді”, - деген (Мумтахина сүресі, 7-аят). Бұл аятта Алла тағала өзге дін өкілдерімен бейбіт ғұмыр кешуді, сондай-ақ мұсылмандардың оларға жақсылық әрі әділдік танытуларына рұқсат берген. Бұл ретте көп этносты, көп дінді елімізде өзара келісім, руханият пен ынтымақтастықты нығайтудағы осы атаулы мерекенің орны ерекше. Діннің табиғаты сондай, сенімі күшті діндар адам өзінің туыстары мен ұлтына, еліне көп алаң болмай, рухани бірліктегі өзінің діндес бауырларын жақын тұтып, соларға жәрдем етуге бейім болады және қажет болған кезде солардан қолдау күтіп, көмек сұрауға да дайын тұрады. Бүгінде тәуелсіз мемлекет атанып, ел-халық болып қалыптасудың күрделі үдерістерін бастан кешіріп жатқан кезеңде ұлттық келісімді, дінаралық татулықты қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті міндеті болуы да сондықтан. Ислам діні татулық пен мейірімділікке шақырады. Адамдарға мейіріммен қарау, дауласқанды татуластыру, көршімен қарым-қатынаста болу мұсылманды нұрландыратын әрекеттер. Көршімен-көрші, ел мен ел тату болса, әлемде бейбітшілік орнайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) исламның ынтымағы мен бірлігін сақтау жолында өте сабырлылықпен әрекет етті. Қоғамның ынтымағы мен бірлігі, дін исламның өркендеуі үшін жасаған қызметтері, расында да, үлкен жетістікке жеткізді. Ұлтымыз бен діни сенімге қарамастан барлығымызды біріктіретін осы күн — қоғамдағы тұрақтылық пен келісім күні.

Барша халықты мейірімділікке, игілік, бірлікке үндейтін Рухани келісім күні құтты болсын! Әрбір отбасында тыныштық, береке болсын. Жаратушы Иемізден елімізге береке, бірлік, еңселі ел болуымызды тілеймін! Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!

Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,
Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.

**«РУХАНИ
КЕЛІСІМ – ТАТУЛЫҚ
ПЕН КЕЛІСІМНІҢ
БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ»**

Бұл қақтығыстар мен қақтығыстарға мораторий жарияланған күн, бітімге келу күні, мейірімділік пен жақынға көмектесу күні. Бұл дәстүрдің бастауын 1992 жылы қазанда Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматыда өткен Дүниежүзілік рухани келісім конгресінің бірінші сессиясы қалаған болатын.

Адамзат тарихында тұңғыш рет руханият мәселесін толғаңдырып жүрген барлық дін өкілдері, рухани қоғамдық ұйымдар, белгілі ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері бір дастархан басына жиналды.

18 қазанда Қазақстанда Рухани келісім күні атап өтіледі. Бұл бірлік пен кешірім, мейірімділік пен өзара түсіністік күні. Бұл күн барша қазақстандықтар үшін маңызды. Қазақстанда әртүрлі ұлт өкілдері тұрады, олардың барлығы тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бейбітшілікті сақтау және соғыстардың алдын алу жолында, халықтар арасында келісім мен бейбітшілік болуы керек. Және ұрыс-керіс, келіспеушілік болмауы керек. Біз бәріміз бейбіт өмір сүруіміз керек.

Осы ретте Тайынша қаласы №4 ОМ-нің 10-11 сыныптарда «Рухани келісім – татулық пен келісімнің бірден-бір жолы» атты дөңгелек үстел түрінде іс-шара өткізілді. Іс-шараны тарих пәнінің мұғалімдері Светлана Лессер мен Дмитрий Чернявский ұйымдастырды. Онда оқушылар толеранттылықтың маңыздылығын талқылады, толерантты адамға қандай қасиеттер тән екенін анықтады. Мақал-мәтелдер мысалында басқаны құрметтеу, сую, түсіну, келісім, өзі сияқты қабылдау сияқты қасиеттерді қозғады.

Дөңгелек үстелдің маңызды тақырыбы әлемдік діндер болды. Көпұлтты, көпконфессиялы Қазақстан халқы әрқашан өзара сыйластық пен қолдаудың ерекше рухымен ерекшеленеді. Қазақстан әлемнің жетекші діндерінің орталықтарымен тығыз байланыста.

Әлемдік рухани құндылықтар, мәдени қазыналар туралы сөз қозғағанда дін мәселесін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Әлемде мемлекеттер арасында да, күнделікті өмірде де діни негізде қаншама қақтығыстар туындайтыны белгілі. Бірақ барлық діндердің мақсаты – адамды кемелдікке жетелеу, адамгершілік құндылықтарды сақтау.

Біз әртүрліміз, бірақ біз бір қоғамның, бір халықтың, бір ұжымның бөлігіміз, сондықтан бір-бірімізді өзіміз үшін құрметтеп, бағалауымыз керек!

Светлана ЛЕССЕР,
тарих пәнінің мұғалімі.

БОТАЙ – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЫ



тұрағына келетін болсақ, әлемдік тарихта түйіп орын алатын қоныс, Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында ең қызықты археологиялық ескерткіш-Ботай энеолит дәуірінің қонысы (б. з. д. 4-3 мың ж.) орналасқан. Бұл қоныстың ерекшелігі алғашқы жылқыны қолға үйретушілердің мекені. 1980 жылы Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының барлау жұмыстары барысында В.Ф. Зайберт Ботай қонысын тауып, зерттеген болатын. Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания ғалымдарының зерттеулері Солтүстік Қазақстан облысының аумағында б.з.д. IV мыңжылдықта жылқының қолға үйретілгенін дәлелдеді. Алғашқы жылқы үйретушілердің тұрағын, ол жерден табылған жәдігерлерді оқушылар өз көздерімен көріп, қолдарымен ұстап, кейбір оқушылар қазба жұмыстарын жүргізіп өздерін археолог сезініпте үлгерді. Ботай қонысымен танысып, зерделеп болғаннан кейін біздің экскурсиялық топ келесі тарихи кешенге аттанды. Ол кешен - XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы Шоқан Уәлихановтың балдәурен күндерін өткізген Сырымбеттегі әжесі Айғанымның қонысы еді. 1930 жылдары бұл мекен коммунистердің қолымен түгел дерлік жойылады. Бөренелерден маңындағы колхоздардың бірінде – мәдениет үйі, екіншісінде клуб тұрғызылады. 1980 жылы ғана қыстақтан үйлердің іргетастары табылған. Сол іргетастардың үстіне бөренеден қиылып төрт үй тұрғызылған. Айғаным қонысында 6 мыңға жуық жәдігер сақтаулы. Сырымбет тауының етегінде орналасқан үй – бүгінде ашық аспан астындағы музей қызметін атқарып тұр. Тарихи ескерткіш бірнеше рет отқа оранды. 1993 жылы кешенге қайта жан бітті деуге болады. Барған экскурсиямыздан оқушылардың алған әсері мол. Оқушыларымыздың айтуынша тарихты кітап беттерінен ғана оқи бермей, тарихи қонысты өз көзімен көру айрықша бір сезім. Ботайлықтардың үйлерін көріп, өзімізде зерттеп көрдік, білгеніздің үстіне көпетеген жаңа ақпарат қосылып, өлкеміздегі тарихи маңызды қонысқа барғанымызға қуанышты екендерін айтты.

Нұрсұлтан ЖАПАРОВ,
Тайынша қаласы №5 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі.

Көкшетау өзінің сұлулығымен барша жұртты тәнті етсе, оның батыс бөктерінде қазақ үшін ерекше қастер тұтатын бабаларымыздың ежелгі қонысы – Ботай ескерткіштері де әлем ғалымдарының назарын аударғалы қашан. Бұл қорымның әлемге «Алтын адам» сыйлаған ескі Есік қаласының тарихи жәдігерлерінен еш кенде түспейтін сипат-сырлары жетіп жығылады. Себебі, алтын киімді ханзада қазақтың тұп-тамыры тереңде жатқан халық екенін айдай әлемге паш етті. Біздің өркениетті ел болғанымызды жаңағы Ботай қорымынан табылған жәдігерлер де растай түседі.



Көкшетау тауымен барып тұтасатын Айыртау сілемдері тарихтың небір сырларын өзіне жасырып тұрғандай көрінеді. Ғұн мен сақ бабаларымыздың ат тұяқтары тиген бұл өңір ежелгі дәуірлерден елес береді десек еш қателеспейміз. Біздің ұлы бабаларымыздың ұшы-қиыры жоқ сайын далаға алғаш аттың дүбірін естірткенін осы жазиралы аймақтағы ежелгі Ботай қорымы өзінің қойнына жасырып, тұмшалаған жәдігерлерімен әлдеқашан дәлелдеген.

Қазанның 13 жұлдызында Республика күніне орай Тайынша қаласының №5 орта мектебінің 8 «Ә» сыныбы 14 оқушысының қатысуымен біздің өлкемізде тарих үшін киелі өңірдің бірі, Айыртау ауданына экскурсияға барып, Ботай тұрағымен, Сырымбеттегі Шоқан Уәлихановтың балалық шағы өткен әжесі Айғаным қонысымен таныс болдық.

Бұл экскурсияның мақсаты: оқушыларды өлкеміздегі тарихи маңызы бар, киелі жерлермен таныстыру. Ботай



АУЫЛ ТОЙЫНАН КӨРІНІСТЕР...

ӨМІР БЕЛЕСТЕРІНЕН ҮЗІНДІ...



Жабал Ерғалиұлы – 1952 жылы 30 қазан күні Көкшетау облысы Чкалов ауданының (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы) Қарағаш ауылында дүниеге келген. Журналист, публицист, драматург, қоғам қайраткері. 2011 жылдың 19 тамызында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды. Сенаттың әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі. 1979 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1973-1997 жылдары Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде кіші әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары қызметтерінде болды. 1997 жылы Көкшетау облысы таратылғаннан кейін Көкшетау қалалық «Көкшетау» газетін ұйымдастырды. Бұл іргетасы 1824 жылы қаланған Көкшетау қаласының тарихындағы тұңғыш шығарыла бастаған қалалық газет болатын. 1997-2005 жылдары «Көкшетау» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. Ақмола облысы әкімінің 2005 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінің бас редакторлығына тағайындалды. Ақмола облысы және Көкшетау өңірінің тарихында тұңғыш рет «Көкшетау» әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналын шығаруды ұйымдастырды. Ақмола облысы әкімінің 2009 жылғы 6-шы шілдедегі қаулысымен облыстық «Арқа ажары», Көкшетау қалалық «Көкшетау» газеттерінің және «Көкшетау» журналының бас редакторы болып тағайындалып, газеттер бірлестігін 2011 жылдың 1 қыркүйегіне дейін іскерлікпен басқарды. 2007 жылы «Арқа ажары» газетінің 90 жылдығы құрметіне қазақтың аса көрнекті ақыны, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинге, 2010 жылы «Көкшетау» газетінің алғашқы саны шыға бастағанына 70 жыл толу құрметіне ескерткіш тақталар орнатты. Екі газеттің тарихын жинақтап, музей ұйымдастырды. 2011 жылы «Арқа ажары» газеті Қазақстан Республикасы Президентінің Грантын жеңіп алды. 1989-1994 жылдары халық депутаттары Көкшетау қалалық кеңесінің депутаты, 2007 жылдың 18 тамызындағы сайлауда Ақмола облыстық мәслихатының депутаты болып сайланды. Облыстық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, Ақмола облысы әкімдігі жанындағы бюджет комиссиясының, діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестің, Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясының, тіл және ономастика жөніндегі және тағы да біраз облыстық комиссияларының мүшесі болды. «Нұр Отан» партиясы Ақмола облыстық филиалы Саяси Кеңесінің мүшесі және партияның жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңесінің төрағасы сияқты қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытты. 2011 жылдың 3-ші сәуірінде кезектен тыс өткізілген Қазақстан Республикасының Президенті сайлауында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Ақмола облысы бойынша сенімді өкілі және Ақмола облыстық қоғамдық штабының төрағасы міндетін абыроймен атқарып шықты. 1995 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі. Қазақстанның «Бас редакторлар клубының» мүшесі. Қазақстан Журналистер одағының және Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтарының лауреаты. 2010 жылы «Нұр Отан» партиясы өткізген «Елім деп соққан жүрегім» республикалық шығармашылық байқауда екінші орынды жеңіп алды. Көкшетау қаласындағы музыка училищесіне Біржан салдың атын беру жөніндегі мәселені алғаш көтергендердің бірі. Абылайханнің ескерткішін орнату жөніндегі комиссияның мүшесі болып, Түркістан қаласынан хан бабаның жерленген жерінен топырақ алып келді. Қазақтың Қарасай батырының қазақ тарихындағы орнын анықтау ісіне белсене қатысып, кесене тұрғызудың басы-қасында жүрді. «Қарасай батыр» қоғамдық қорын басқарды. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасына – 20 жыл» медальдарымен, екі мәрте Қазақстан Республикасының Құрмет Грамоталарымен марапатталды. Елбасының 2007 жылдың 7 желтоқсандағы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды. Есімі «Қазақстанның үздік адамдары», «Солтүстік Қазақстан» және «Ақмола облысы» энциклопедияларына, қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «Ақмола облысының тұлғалары» анықтамалық кітабына енгізілген. Алматы облысы Қарасай ауданының Құрметті азаматы. Көкшетау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 қазанындағы №С-12/8 шешімімен «Көкшетау қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау Университетінің профессоры, Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының ғылыми кеңесінің шешімімен 2012 жылғы 27 қазандағы №8 хаттамасы бойынша толық мүшесі, Академик болып сайланды. Жазушының алғашқы әңгімелері 1978 жылы Алматыда жарық көрген жас жазушылардың антологиясында басылып шықты.

ЖАСТЫҚ ШАҚ ЖҮРЕКТЕ ӨМІР СҮРЕДІ



Қазан айының 18 жұлдызында Тайынша Агробизнес колледжінде еңбек ардагерлеріне арналған «Ал жастық шақ жүректе өмір сүреді!» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік концертті жастар комитеті мен колледждің студенттік Парламенті ұйымдастырды.

Концерттік бағдарламада 80-ші жылдардағы әндер, тақырыптық поэтикалық этюд, әзіл-сықақ көріністер болды. Жастар жөніндегі комитет төрағасы Ю. С. Волкова бастаумен колледж ардагерлері туралы мерекелік презентация дайындалды, тақырыптық стенд рәсімделді. Іс-шара

қызықты өтті, ардагерлер колледж ұжымына және студенттерге жылы лебіздерін білдірді. Осы колледжден зейнеткерлік жасқа жетіп, бүгінгі таңда құрметті демалыста жүрген ардагерлер өздерінің қызмет атқарған жұмыс орындарында болып, өткен өмір белестерін ерекше сағыныш сезімдерімен еске алды. Ардагерлер колледж кітапханасында да өздерін жақсы сезініп, өздерінің өткен еңбек жолдарын еске алды, кітап көрмелерін тамашалап, колледж ұжымына осындай мерекелік іс – шара ұйымдастырғандарына алғыстарын білдірді.

Колледжде дуальды оқыту жүйесін енгізу үшін кәсіпорындармен кәсіптік тәжірибеден өту туралы шарттар жасалды. Қазіргі таңда әлеуметтік серіктестік - көптеген мәселелер бойынша іскерлік өзара тиімді ынтымақтастық болып табылады. Колледждің әлеуметтік серіктестері ауданның ірі ауыл шаруашылық құрылымдары болып табылады: «Тайынша Астық» ЖШС, «Астық STEM» ЖШС, «Тайынша Агроном» ЖШС, «Ильич Тайынша» ЖШС, «Тайынша КоммунСервис» ЖШС, «Вишневское» ЖШС, «Әлжан» КХ, «Николюк Е.Н» ЖК., «Қазбекова Ж.М» ЖК., «Егимбаев С.З.» ЖК. Бұл кәсіпорындар жұмыс оқу жоспарларын дайындауға қатысады, студенттерді тәжірибеден өтуге және жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді

Колледждің оқу ғимаратында 15 оқу кабинеті, 1 зертхана-кабинеті, спорт залы, 100 орындық асхана, 10 000 данадан астам оқу кітап қоры бар кітапхана, штаттық медицина қызметкері бар медициналық кабинеті, әкімшілік кабинеттері орналасқан. Колледж аумағында 4 зертхана, 3 шеберхана, жобалық қуаты 100 орындық жатақхана ғимараты бар.

• *Адам. Қоғам. Заң*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ КЕЗІНДЕ БАЛАНЫҢ ТЕГІН, АТЫН, ӘКЕСІНІҢ АТЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет-көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидадар негізінде көрсетіледі: көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сенімдеріне, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі; мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу; мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық; мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі; мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ мемлекеттік-құқықтық мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшесі көрсететін қызметтердің бірі-«Баланың тууын тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу».

Тууды мемлекеттік тіркеу кезінде баланың тегі ата-анасының тегімен анықталады. Ата-анасының әр түрлі тегімен балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегі беріледі. Ата-анасының қалауы бойынша баланың тегі ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, баланың әкесі немесе атасының атынан жасалады. Баланың тегіне қатысты ата-аналар арасында туындаған келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

Азаматтардың қалауы бойынша ұлты қазақ адамдардың тегі мен әкесінің атын жазуда қазақ тіліне тән емес: -ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -н, -ина, -на, -овна, -евна, -ович, -евич, ал оның орнына әкесінің аты аффикстері пайдаланудан шығарылады -ұлы, -қызы, Біріккен емледе қолданылады. Әкесінің аты міндетті түрде бірінші орында тұрған тегін, содан кейін атын, ал әкесінің атын қалауы бойынша жазатын болса, ұлты қазақ адамдардың атын тәртіппен жазуға жол беріледі. Әкесінің аты-жөнін-ұлы, -қызы деген жалғаумен ауыстырған жағдайларда, әкесінің аты жазылмайды. Басқа ұлт өкілдеріне олардың қалауы бойынша олардың тектерін, есімдері мен әкесінің атымен жазу олардың ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілуі мүмкін.

Людмила САБИРОВА,

Мемлекеттік құқықтық мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшенің бас маман – заңгері.

ТАБИҒАТ-АНАНЫҢ ҚАМҚОРШЫЛАРЫ



Жыл сайын қазан айының үшінші жексенбісі - «Орман шаруашылығы қызметкері күні». Бұл - 2017 жылы Қазақстан Үкіметімен орман саласы қызметкерлерінің экономика мен экологиялық қауіпсіздікке қосқан үлесін арттыру мақсатында ресми түрде бекітілген мейрам.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының экологиялық жағдайын жақсарту және орман жамылғысын ұлғайту мақсатында Үкіметке мемлекет аумағында 2 миллиардтан астам ағаш отырғызуды тапсырған болатын. Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында елімізде 2021-2025 жылдарға арналған ормандарды молықтыру және орман өсіру көлемін арттырудың кешенді жоспары әзірленіп, бекітілді. Осы бағытта орман қызметкерлері өздеріне тиісті алқаптарда абыроймен жұмыс атқарады. Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, табиғат-ананың қамқоршылары!

